



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАНҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№104-105 (10505) 23 ЖЕЛТОҚСАН, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҚҰРЫҚТА ТІРШІЛІК НӘРІ МОЛАЙДЫ

ҚАРАКИЯ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ҚҰРЫҚ АУЫЛЫНДА ӨНІР ҮШІН АСА МАҢЫЗДЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЫСАН – ТӘУЛІГІНЕ 10 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТР АУЫЗ СУ ӨНДІРУГЕ ҚАУҚАРЛЫ ЗАМАНАУИ СУ ТҰШЫТУ ЗАУЫТЫ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. ЕЛДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ИГІ ІС-ШАРАҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ, АУЫЛДЫҢ АҚСАҚАЛДАРЫ МЕН ТҰРҒЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Аталған жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тапшылығын жою, ауылдық аумақтарды

сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі нақты тапсырмалары аясында жүзеге асты. Шөлейтті аймақта орналасқан Маңғыстау өңірі



үшін бұл нысанның маңызы ерекше.

Су тұщыту зауытын «Алёка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салды. Жалпы аумағы 5 гектарды қамтитын өндірістік алаңда 50 ұңғымадан су алынады. Зауытта су тазартудың заманауи технологиялары қолданылып, құм сүзгілері, бетонды резервуарлар және тәулігіне 5 мың текше метр су өндіре алатын екі қуатты осмос қондырғысы орнатылған. Бұл қондырғылар судың сапасын халықаралық талаптарға сай деңгейде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жоба аясында Құрық ауылы тәулігіне 4 мың текше метр таза ауыз сумен толық қамтылады. Ал өндірілген су көлемінің қалған бөлігі жылы жағажай бағытына, Ақтау қаласына және Мұнайлы ауданына қарасты Батыр ауылына жеткізіліп, бірнеше елді мекеннің су мәселесін шешуге жол ашады.

Салтанатты іс-шара барысында облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай жаңа нысанның өңірдің инженерлік инфрақұрылымын дамытудағы және

ауыз су тапшылығын азайтудағы стратегиялық маңызын атап өтті.

– Құрық ауылында іске қосылған су тұщыту зауыты – өңір тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге бағытталған маңызды жоба. Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жүзеге асып отыр. Нысан халықтың тұрмыс сапасын арттырып, ауылдардың тұрақты дамуына серпін береді. Алдағы уақытта да елді мекендерді таза ауыз сумен қамту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табады, – деді аймақ басшысы.

Жаңа зауыттың іске қосылуы Құрық тұрғындарының көптен күткен үмітін ақтап, өңірде тіршілік нәрінің қолжетімді болуына жол ашты. Бұл – ел игілігі жолындағы нақты істің, жүйелі саясаттың және болашаққа бағытталған берік қадамның айқын көрінісі.

«Маңғыстау» ақпарат.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕБІ» АШЫЛДЫ



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТҚАН «КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 13-МЕКТЕП АШЫЛДЫ. №35 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ САЛТАНАТТЫ АШЫЛУЫНА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ, ҚАЛА ӘКІМІ, МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, АРДАГЕР ҰСТАЗДАР, МЕКТЕП ҰЖЫМЫ ЖӘНЕ АТА-АНАЛАР ҚАТЫСТЫ.

Жаңа форматтағы білім беру ұйымы 1 500 оқушыға есептелген. Жалпы аумағы 15 мың шаршы метрден асатын мектепте 77 пән кабинеті бар. Олардың ішінде дизайн және технология, тамақтану мәдениеті, визуалды өнер, үй мәдениеті, робототехника, STEM және музыка бағытындағы арнайы сыныптар қарастырылған. Білім ордасы заманауи оқу құрал-жабдықтарымен толық қамтылып, оқушылардың шығармашылық әлеуеті мен зияткерлік дамуына қолайлы орта қалыптастырған.

(Жалғасы 8-бетте).

АЙДЫНҒА АҚҚУЛАР ОРАЛДЫ

ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕ АҚТАУЛЫҚТАРДЫҢ АСЫҒА КҮТЕТІНІ – АҚҚУЛАР. КАСПИЙДІҢ КЕЛБЕТІНЕ СҰЛУЛЫҚ СЫЙЛАЙТЫН БҰЛ ҚҰС – ҚАЗАҚТЫҢ КИЕ ТҰТАТЫН ЖАРАТЫЛЫСЫНЫҢ БІРІ. МІНЕ, ЕЛ КҮТКЕН СҰЛУЛЫҚТЫ ТҰЛА БОЙЫНА ЖИҒАН АҚҚУЛАР КӨК АЙДЫНҒА ҚАЙТА ОРАЛДЫ.

Құс патшасы аққу – кіршіксіз тазалықтың, қылаусыз пәктіктің белгісі. Ерекше ұзын да әсем мойнының тік ұстайтын бұл құстың бейнесі кіршіксіз махаббаттың көрінісіндей әр қимылы нәзіктік пен үйлесімдікті білдіреді. Мұндай сұлулықты көру үшін Ақтауға алыстан ат арылтып келетіндердің қатары көп. Бірақ соңғы жылдары теңізге келетін аққулардың қатары сиреп кетті. Оған себеп те жоқ емес.

(Жалғасы 2-бетте).



• БҮГІНГІ САНДА

БАЛАНЫ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕГЕН ЖӨН?



»9

ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН КЕШ



»16